

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 59 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 8 мамырда № 7-6-140 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 1 ақпандағы № 29 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 01.02.2013 № 29 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы" қаулысына сәйкес Жәнібек ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы әскери шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай - ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскери шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Ауылдық округ әкімдеріне азаматтарды әскери қызметке шақырған кезде азаматтарды жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының " Жәнібек аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу кезінде дәрі-дәрмекпен, керек - жарақтармен, медициналық және шаруашылық мүлкімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. "Батыс Қазақстан облысының Ішкі істер департаменті Жәнібек ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақырудың нәтижесі туралы қорытынды ақпаратты 2012 жылдың 31 шілдесінде және 2012 жылдың 31 желтоқсанында тапсыру ұсынылсын.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Осы қаулының орындау барысы аудан әкімінің орынбасары Р. С. Қарашинге жүктелсін.

Аудан әкімі

Б. Есенғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысының
Ішкі істер департаменті
Жәнібек ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы,
полиция полковнигі
Ерғалиев Төлеуғали Лұқпанұлы

30.03.2012 ж.

"Батыс Қазақстан облысы
Жәнібек ауданның Қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы, майор
Мағзомов Арман Төлепұлы

30.03.2012 ж.

"Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының Жәнібек
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық

қазыналық кәсіпорнының

директоры

----- Мұсағалиев Тимур Қапезұлы

30.03.2012 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК